



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№6 (810) Сәрсенбі 8 ақпан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАНМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Телефон арқылы сөйлесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның бірнеше провинциясында болған жойқын зілзала салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Режеп Тайип Ердоғанға қайғыра көңіл айтты.

Мемлекет басшысы Түркияның зардап шеккен аудандарындағы іздеу-құтқару жұмыстарына көмектесу үшін Қазақстан шұғыл түрде құтқарушылар мен дәрігерлер жіберетінін, сондай-ақ бауырлас елге гуманитарлық көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ 7 КҮН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІН ЖАРИЯЛАДЫ

Түркияның оңтүстік-шығысында бірнеше өңірде алапат жер сілкінісі салдарынан қаза тапқандарды еске алу үшін бір апта аза тұту күні басталды. Түркияның мемлекеттік туы бүкіл ел аумағында жартылай түсірілді. Қаралы күнде Түркияда және елдің шетелдегі өкілдіктерінде жексенбі, 12 ақпан күні күн батқанға дейін мемлекеттік ту жартылай төмен түсіріледі.

Қазіргі соңғы мәлімет бойынша, қаза тапқандар саны – 2 921 адам. 7 840 кісіні үйінді астынан құтқарды. Жараланғандар саны 15 834-ке жетті.

НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСКЕ ӨЗГЕРТУ ЕНГІЗІЛДІ

«Неке және отбасы туралы» ҚР кодексіне жаңа өзгертулер енгізілді. Енді Қазақстанда баланың кез-келген туысқанымен қарым-қатынас жасау құқығы «Неке және отбасы» кодексіне арнайы баппен айқындалады. Бұл туралы Ашық НҚА порталында Оқу-ағарту министрлігі жариялаған құжат жобасынан белгілі болды.

Атап айтқанда, «Неке және отбасы» кодексіне жаңа 73-1 бап енгізіледі. Онда «Аталар, әжелер, бауырлар, әпкелер және басқа туыстар баламен араласуға құқылы» деп жазылған. Бапқа сәйкес, егер ата-ана баланың жақын туыстарына онымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін беруден бас тартса, дауды ҚР балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайтын

тәртіппен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган шешеді. Оқу-ағарту министрлігі заңға мұндай толықтыру енгізу қажеттігін ата-әжелер мен басқа туыстардың баламен қарым-қатынас тәртібін анықтауға байланысты дауларды шешуде қиындықтар туындағанымен түсіндірді. Құжат жобасы 24 ақпанға дейін жария талқылауға ұсынылған.

ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН АВТОЖОЛЫНЫҢ БИЫЛ 100 ШАҚЫРЫМНАН АСТАМЫ АЯҚТАЛДЫ



ҚР Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары Ғабит Сыздықбеков Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге өңірдегі «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстары және Сырдария өзенінің жағдайымен танысты. Делегация құрамында ҚР ЭТРМ Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағанбетов, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы, директорлар кеңесінің мүшесі Мейрхат Қасымбаев және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ сыртқы зияткер департамент директоры Марат Махамбетов бар.

Алдымен аймақ басшысы Ғабит Әбдімәжітұлына Қызылорда су торабының қайта жаңғырту жұмыстарымен таныстырды. Нысан 1956 жылы салынған. Қазіргі таңда ол 110,0 мың га суармалы және 250 мың га жайылымдық жерлерді аяқ сумен қамтиды. Мұнда 2020 жылы басталған қайта жаңғырту жұмыстары барысында сол жағалаудағы шлюз-реттегіш, жаңа су торабы, су бекеттері мен трансформаторлық қосалқы станция салынып, торап аймағы абаттандырылатын болады. Жобаның бас мердігері жұмысты биыл аяқтайды.

Әрі қарай делегация мүшелері «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту барысымен танысып, жол құрылысына қажетті битумды сақтайтын қоймаларды аралады. Еске салсақ, аталған автожолдың жолын қалпына келтіру мәселесі көптеген жылдар бойы шешімін таппай келді. 2021 жылы Қызылорда облысындағы 204 шақырым бойынша 6 лотқа бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Өткен жылы мердігер мекемелер «Қытай азаматтық инженерлік-құрылыс корпорациясы» ЖШС, «Қыран» ЖШС, «Гуйчжоу жол-инженерлік корпорациясы» ЖШС және «Stecol Corporation» құрылысқа қажетті құжаттарды әзірлеп, дайындық жұмыстарын жүргізді. Биыл мердігер мекемелер жолдың 100 шақырыман астам бөлігін аяқтауды жоспарлауда, құрылыс материалдарының басым бөлігі қоймаға жеткізілді.

«Қызылорда-Жезқазған» жолы Президенттің тікелей бақылауындағы үлкен жоба. Халықтың да біршама уақыттан бері көтеріп жүрген мәселесі. Сондықтан жолдың сапалы салынуы, мерзімінде аяқталуы өте маңызды. Бұл жоба жол бойы логистикасын дамытып, жол қапанысын едәуір жеңілдетуге сеп болмақ», - деді танысу барысында Ғабит Әбдімәжітұлы.

«Расымен халық бұл жаңалықты ұзақ күтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жоба басталды. Біз өзіміздің аймақтан өтетін жолдың сапалы салынуына атсалысатын боламыз», - деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Ғабит Сыздықбеков аймақ басшысымен бірге Жаңақорған және Шіелі аудандарына тікұшақпен барып, Сырдария өзеніндегі су деңгейін көріп, жағдаймен танысты. Айта кетейік, қазіргі таңда облыста 29 су басу қаупі бар аймақ анықталып, оған 366 арнайы техника бірлігі және 1137 адамы бар 138 жауапты мекеме бекітілді. Облыстың барлық аумағында өзен бойында тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылуда. Дариядағы жағдай қалыпты, барлық қажетті материалдар мен техника қамтамасыз етілген. Сапар соңында ҚР Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары өңірдегі жүргізілген жұмыстар табысты аяқталуына тілектестік білдірді. Ғабит Әбдімәжітұлының жұмыс сапары Түркістан облысында жалғасатын болады.

СОТ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья Амангелді Әнуарбекұлының 75 жасқа толуына орай Қызылорда облыстық сотында құттықтау шарасы өтті.

Шарада сот ардагеріне Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиевтің құттықтау хаты табыс етілді. Облыстық сот төрағасы Ә.Шығамбаев пен әріптестер құттықтау сөз сөйлеп, қазақы дәстүрге сай ардагерге шапан жапты. Амангелді Әнуарбекұлы кейінгі әріптестеріне ақ батасын беріп, ұжымға сәттілік тіледі. Амангелді Әнуарбекұлы 1948 жылы 2 ақпанда дүниеге келген. 1986 жылдан бастап Қызылорда қалалық сотының судьясы, 1987-1998 жылдары Сырдария аудандық сотының судьясы, төрағасы, 1998 жылдан Тасбөгет учаскелік сотының аға судьясы, 2001-2002 жылдары Қызылорда қаласы №2 сотының төрағасы, 2002 жылдан 2012 жылға дейін Қызылорда облыстық сотының судьясы қызметтерін атқарған.

ҰСАҚ БУЗАҚЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА КҮШЕЙМЕК

Кез-келген мемлекеттің тұрақты өмір сүруінің маңызды және міндетті элементтерінің бірі – қоғамдық тәртіп. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық тәртіпті бұзған кәсіпкерлік – құқықтық шараларының жүйесі бар. Қоғамдық тәртіпке ең көп таралған қол сұғышылықтардың қатарына ұсақ бұзақылық жатады.

Ұсақ бұзақылық - бұл қоғамдық орындарда бұлапайт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тнісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 434-бабында ұсақ бұзақылық үшін бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалқа алу жазасы көзделген. Ал, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалқа алуға әкел соғады.

Арал аудандық сотымен өткен жылы ұсақ бұзақылық әрекеттері үшін 80 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның 13-не әкімшілік қамалқа алу жазасы қолданылды, 67 азамат жалпы сомасы 750 468 теңгені құрайтын айыппұлға жазаланған.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 3 қаңтардағы Заңымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 434-бабына өзгерістер енгізу көзделген (Заң 05.01.2023 ж Егемен Қазақстан газетінде жарияланған).

Онда, ұсақ бұзақылық үшін жаза күшейтіліп - жнйрма АЕК мөлшерінде айыппұл салу (69 000 теңге) не бестен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалқа алу жазасы қарастырылған. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - он бестен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалқа алып келеді. Өзгерістер алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алыс күн өткен соң қолданысқа енгізілмек.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫП КЕЛЕДІ

2022 жылы ауыл шаруашылығы құрылымдарында 9036 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары егіліп, 2 519,8 тонна ет, 3241 тонна сүт, 685 мың дана жұмыртқа өндірілді.

- Мемлекеттік бағдарламалар да шаруа қожалықтарына мал басын көбейтуге өз жөніндегі тигізуде. Мәселен, өткен жылы «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында кеңг, ауылдық округтер бойынша қаржы институттары арқылы - 25 жоба мақұлданып, 232,7 млн. теңге несиере 45 бас МҚ, 616 бас уақ мал, 246 бас жылқы сатып алынды. Сонымен қатар, қала тұрғындарын көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар егістік жер бөлініп, ынта білдірген 70 тұрғын картоп, қияр, қызанақ, сәбіз, асқабақ, қауын-қарбыз дақылдарын егумен айналысты, - деді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек.

Өткен жылы өнімдерді өндірудің жаңа технологиялары арқылы, яғни жаңбырлатып суару әдісімен Ақсуат ауылдық округінде «Алдан» шаруа қожалығымен 200 гектарға жаңа жоңышқа егілді. «Golden Bridge Turan» ЖШС-імен 6 гектар аумақтағы жылжымайтын 50 данасына күріш дақылды көшеттен егу тәсілі арқылы орналастырылды. Сондай-ақ, тамшылатып суару технологиясымен Қарауылтөбе ауылдық округінде 3 гектар қызанақ және Қызылөзек ауылдық округінде 8 гектар картоп егілді. Ал, Ақсуат ауылдық округінде көлемі 2,2 гектар автоматтандырылған жылжымай кешеніне қаңтар айында егілген қияр

өнімінен 246 тоннаға жуық өнім жиналды.

Шағын жылжымай кешенін дамытуда Ақсуат пен Қызылжарма ауылдық округтерінен жаңадан жалпы көлемі 1300 шаршы метрді құрайтын 2 дана жылжымай кешені іске қосылды. Сонымен қатар, Ақсуат ауылдық округі мен Белкөл кентінен «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» арқылы 13,0 млн. теңгеге 2 дана жылжымай кешені салынды.

Бүгінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру мақсатында «Байқоңыр» ӘКК-ы арқылы 5 сауда үйлерінде («Аль-Асад», «Ажар», «Қызылорда», «Мирас», «Анвар») әлеуметтік бұрыштар орналыстырылса, 37 әлеуметтік дүкен қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, 2022 жылы қала әкімдігі және күріш өндірушілер мен негізгі ірі сауда орындары арасында үш жақты меморандум жасалып, қазіргі уақытта күріш «Қызылорда» Оптомаркетінде 370 теңгеден, «Анвар» Сауда үйінде 372 теңгеден, «Аль-Асад» және «Ажар Сити» сауда үйлерінде 373 теңгеден сатылуда.

Осы орайда, ҚР Үкіметімен бекітілген 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына әр аптаның дүйсенбі күні қала әкімдігі мен ауыл шаруашылығы басқармасы, Статистика департаменті, «Байқоңыр» ӘКК-ымен қала аумағындағы ірі сауда орындары мен супермаркеттерден ашылған әлеуметтік бұрыштарға мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры мен бағасын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар талқыланды.

Жынында министрлер мен бірқатар өңір әкімдері аталған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Үкімет басшысы сатып алу-сату кезіндегі тауарлар көлемі мен бағасын ерекше бақылауға алуды тапсырып, өңірлерде құрылыс маусымын уақытылы бастау

үшін тиісті жер учаскелерін алдын ала бөлу, жобалық құжаттаманы әзірлеу және қажетті инфрақұрылымды жүргізу маңызды екенін атап өтті.

Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына тұрақтандыру қорының қаражатына толығымен облыстық және өзге өңірлердің тауарөндірушілерінен тікелей өнімнен қамту мәселесін қолға алуды тапсырды. «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ өндіруші кәсіпорындар және ауыл шаруашылығы құрылымдарымен тікелей келісім жасай отырып, сатып алынған өнімдерді

әлеуметтік дүкендерден бөлек басқа да ірі сауда орталықтары арқылы сатылуын үйлестіру тауар интервенцияларын жүргізу және дебиторлық қарыздарды өндіру жүктелді. Мұнан бөлек, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы делдалдық схемаларды қысқарту бойынша тиісті жұмыстарды жүргізіп, баға үстемесін қалағандау бойынша міндет қойылды.

Ал, күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне 2023 жылы пайдалануға берілетін тұрғын үйді уақытылы аяқтап, Арал және Қазалы аудандарының орталықтарында көріздік тазарту станцияларының құрылыс құжаттарын келісу жұмыстарын жүргізу жөнінде тапсырма берілді.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі басталды. Аудан басшысы алдымен Басықара ауылының халқымен жүздесті. Ауданда 2022 жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, биылғы жоспарлармен бөлісті. Сондай-ақ, аудан әкімі өткен жылғы кездесуде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлердің орындалу барысына да тоқталды.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары елді мекеннің көгілдір отынға қосылғанына қуанышты екендіктерін жеткізіп, электр желілерін жаңарту, жайылымдық жерді заңдастырып беру, спорт кешені мен балабақша ғимаратын салу, қоғамдық көлік мәселелерін көтерді. Аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы тұрғындар көтерген мәселелердің әрбіріне жеке-жеке тоқталып, сұрақтарға жауап берді. Кездесуден кейін аудан басшысы жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың мұн-мұқтажын тыңдады.

Ондан әрі аудан әкімі Мұхтар

Оразбаевтың халықпен кездесуі Жалаңтөс батыр және Қ.Пірімов ауылдарында жалғасты. Кездесуде аудан басшысы өткен жылғы жұмыстардың қорытындысын баяндады. Тұрғындарды тыңдап, алда атқарылатын межелерді белгіледі.

Бүгінгі күні екі ауыл да көгілдір отын иілігін көріп отыр. Елдігі кезекте әлеуметтік нысандарды газға бейімдеу үшін құжаттары әзірленуде. Сонымен қатар, қос ауылда да жеке тұрғын үйлерді электрмен жабдықтау және 4 көшеден жөндеуге жобасы әзірленуде. Өткен жылы Қ.Пірімов ауылынан спорт

кешені пайдалануға берілсе, биыл орталық саябақтағы спорт алаңы жөнделмек. Ал Жалаңтөс батыр ауылынан спорт кешені мен Шитүбек елді мекенінен медициналық бекет құрылысын салу үшін жоба құжаттары дайындалуда. Бұдан бөлек, «Әйтеке би-Басықара» көпірі қайта жаңартылып, автомобиль жолы жөнделді. Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді Мұхтар Әуесұлы мұқият тыңдап, жауап берді. Халықтың айтқан әрбір ұсынысын үнемі назарда ұстап, олардың оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Кездесуден кейін тұрғындар аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың жеке қабылдауында болып, ұсыныстар мен өтініштерін жеткізді. Тұрғындар жұмыспен қамту, тұрғын үй кезектілігі, ауылдық жерде көсіп ашу бойынша мәселелер көтерілді. Мұхтар Әуесұлы барлық өтініштер заңға сәйкес сараланып, тиісті жұмыстар атқарылатынын мәлімдеді.



ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

ОБЛЫСТЫҚ ЖЫР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Арал өңірінің тумасы, республикаға белгілі жырғау «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, ұстаз Айбек Тәңірбергеновтің 50 жылдық мерейтойына орай облыстық фестиваль өтті. Аталған жыр кешіне аудан әкімінің орынбасары К.Бержанов қатысып: «Жауһар жырларымен халқының жүрегін орын таба білген Айбек Жақсанұлы жастайынан домбыраны серік етті. Киелі өнерімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ағамыз тынбай еңбек етіп, бірнеше көлемді дастандар, тарихи туындылар мен тағылымды толғаулар жазды. Ұлттық өнерімізді ұлықтап, елдің рухын көтеріп, аралдық ағайынға жыр кешін сыйлау үшін келген барша өнерпаздарға алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі жыр фестиваліне қатысушы өнерпаздарға сәттілік, шалқар шабыт тілеймін»-деп мерейтой иесіне аудан әкімінің құттықтауы мен сый-сиянат табыстады.

Одан соң белгілі күйші-композитор, ақын-жырау Мұрат Сыдықов сөз алып, ұлттық өнерді өрістету жолында еңбек етіп жүрген өнерпаздарға сәттілік тіледі. Екеден дарыған текті өнердің шырақшысы болған Айбек Тәңірбергенов алдыңғы буыннан үйренген өнердің қыр-сырын кейінгі ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп келеді. Ерекше талантпен республикалық, облыстық деңгейдегі жыр жалауын желбіреткен айтулы додаларда топ жарып жүрген жырау бірнеше көлемді дастандар, тарихи туындылар мен тағылымды толғаулардың авторы. Мерекелік кешке арнайы келген Айбек Жақсанұлының өнердегі шәкірттері игі тілектерін арнап, ҚР мәдениет және спорт министрлігінің құттықтауын табыс етті. Сонымен бірге, қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, домбыра аспабын тарту етті.

Сыр сүйелерінің сарқыты болған республикаға, аймағымызға белгілі жырдың жампоз жүйріктері «Нұртуған», «Нартай» мектебінің мақамдарын сырлы саз арқылы насихаттап жыр-термелерді нақшына келтіре орындады.

Қазалы

ЖАҢА САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

Қазалы ауданында «AliNur» сауда үйі ашылды. Нысанның ашылуы салтанатына аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі. Ғимараттың салтанатты ашылуынан кейін аудан басшысы сауда үйін аралап, бутиктерді жалға алған сатушылармен тілдесті. Сауда үйінің 1 қабатында асхана, ет және көкөніс өнімдері арналасқан. Ал 2-3 қабаттарында киім дүкендері, тігін шеберханалары, судулық салоны мен спорттық зал орналасқан. Жеке кәсіпкер Нарұызбаев Шалғынбек жаңа сауда үйін ашу арқылы 24 адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Ағта кетейік, Қазалы ауданында өткен жылдың өзінде жаңадан 25 кәсіпкерлік нысан бой көтерді. Бүгінгі күні 6 мыңнан астам кәсіпкер тіркелген. Ал осы салада жұмыспен қамтылғандар саны 1,7 пайызға көбейіп, 9366 адамды құрады.

Байқоңыр

«ЭЛЕКТРО-Л» МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ СПУТНИГІ ҰШЫРЫЛДЫ

Өткен аптаның жексенбі күні Астана уақытымен 15 сағат 12 минутта ДМ-03 үдеткіш блогі және «Электро-Л» спутнигі бар «Протон-М» зымыран тасығышы ұшырылды. Биылғы алғашқы ұшырылымның тікелей трансляциясы Роскосмос әлеуметтік желілерінде көрсетілді. Айлақтың 81-аланынан «Протон-М» ұшырылымы штаттық режимде өтті. Байқоңырда күн бұлтты болды. Алайда, 20 тоннадан астам жүкті орбитаға жеткізуге қауқарлы ең қуатты зымыранның ұшырылуы сәтті – қызықты көрініс.

Циклограммага сәйкес, зымыран-тасығыштың бірінші сатысы ұшудан кейін екі минут өткен соң, екінші басқышы үш минуттан кейін ажырады, оныншы минутта ДМ үдеткіш блогі спутникпен бірге бөлінді.

Алты жарым сағат ішінде үдеткіш блоктың үш қосылымы болуы керек, соның арқасында «Электро-Л» спутнигі орбитаға шығады. С. Лавочкин атындағы ҮЕҰ жысаған «Электро-Л» гидрометеорологиялық спутнигі – осы ресейлік ғарыш аппараттары тобындағы төртіншісі. Спутниктің салмағы – 2,1 тонна, орбитаның биіктігі – шамамен 36 мың шақырым.

Шиелі

АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ 85 ПАЙЫЗЫ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ

«Бүгінде Шиелі кенті және Ы.Жақаев, Бидайкөл, Байсын, Н.Бекеежанов, Ш.Қодаманов, Ақмая, Алғабас ауылдары, яғни аудан халқының 68 пайызы көгілдір отынға қосылған» - деді Н.Ахатов.

Алдағы уақытта Еңбекші, Жиделіарық, Алмалы және Ә.Тәжібаев елді мекендеріне газ жеткізілмек. Жобалар, бюджеттік өтімді тиісті министрлікке тапсырылды. Әкімнің айтуынша, Тартоғай (демеушілер есебінде), Майлытоғай елді мекендерінің (ішкі және сыртқы магистралды газ құбыры) жобалық сметалық құжаттары дайындалып жатыр.

«Осы жобалар іске асқан жағдайда аудан халқының 85 пайызы газбен қамтылатын болады» - деді аудан басшысы.

КӨШЕЛЕРГЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 тамыздағы қорытындысына сәйкес, Ақсуат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округінің Ж.Маханбетов ауылындағы:

1) №5 көшеге (Петр Тлепбаев көшесімен қиылысатын) «Бекарыстан Бекмағанбетов» есімі;
2) №5 «Б» көшеге «Шаден Балкеев» есімі;
3) №7 «Б» «Бекенбай Утеулиев» есімі;
4) №9 көшеге «Төлеген Күйеубаев» есімі;
5) №11 көшеге «Осман Нұржақыпов» есімі;
6) №12 көшеге «Шайзада Қаратаев» есімі;
7) №15 көшеге «Ешпан Жанбосынов» есімі;
8) №40 көшеге «Көшекбай Сартаев» есімі;
9) №43 көшеге «Сейтқали Байқадамов» есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Н.Садирбаева жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М. Ақмырзаев

О ПРИСВОЕНИИ НАИМЕНОВАНИЙ УЛИЦАМ

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», на основании заключения областной ономастической комиссии от 19 сентября 2019 года аким сельского округа Ақсуат **РЕШИЛ:**

1. Присвоить:

1) улице №5 (пересекающая улицу Петра Тлепбаева) имя «Бекарыстан Бекмағанбетов»;
2) улице №5 «Б» имя «Шаден Балкеев»;
3) улице №7 «Б» имя «Бекенбай Утеулиев»;
4) улице №9 имя «Төлеген Күйеубаев»;
5) улице №11 имя «Осман Нұржақыпов»;
6) улице №12 имя «Шайзада Қаратаев»;
7) улице №15 имя «Ешпан Жанбосынов»;
8) улице №40 имя «Көшекбай Сартаев»;
9) улице №43 имя «Сейтқали Байқадамов» в селе Ж.Маханбетова сельского округа Ақсуат города Кызылорды.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на главного специалиста коммунального государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа Ақсуат города Кызылорды» Садирбаева Н.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким сельского округа

М. Ақмырзаев

2023 ЖЫЛҒЫ І ТОҚСАНДА М.ШӘМЕНОВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Жеке қабылдау жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдау жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	Ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет Әулие көшесі, №26	37-3-96

ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Тұрмыстық газ баллондардың жарылысының жиілеуіне байланысты газ тұтыну жүйелер мен газ жабдықтарын (тұрмыстық газ баллондар) пайдаланатын нысандарға және тұрғын үйлерде төтенше жағдайлар орын алмауына, адам қазасын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар және Қызылорда облысы Полиция департаменттері өкілдерінің қатысуымен Қызылорда облысының аудандарында орналасқан автомобильді газ құю бекеттеріне профилактикалық үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде.

Іс-шара барысында тұрмыстық газ баллондардың жарылу жағдайларының алдын алу, адам өлімі мен жарақаттануын болдырмау мақсатында автомобильді газ құю бекеттерінде тұрмыстық газ баллонына газ құюға тыйым салынағаны ескертіліп, жадынаамалар таратылды. Сонымен қатар, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік түрлерін көрсете отырып, тұрмыстық газ баллондарын толтыруға жол бермеу туралы автогаз құю станцияларының иелермен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Профилактикалық үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуі барысында Қызылорда қаласы Махамбетов ауылының тұрғындарына және қоғамдық тамақтандыру объектілерінде газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын пайдалану талаптарын сақтау бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізілді. Алайда, тұрғындар газ баллондарын автомобильді

газ құю бекеттерінен толтырып алып, қайғылы жағдайға душар болып жатқаны бәрімізге мәлім. Мысалы: Тұрмыстық газ баллонының жарылуы салдарынан 2022 жылғы 31 қаңтар 23 сағат 53 минутта Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылы тұрғын үйдің ішінде 50 литрлік газ баллоны жарылып төбесі, қабырғалары құлап тұрғын үй толығымен жанып, тұрғындарын күйік шалды.

2022 жылғы 21 маусымдағы 07 сағат 05 минутта Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылының тұрғын үй алаңында орналасқан сарайында баллоннан газ тарауы нәтижесінде газ-ауа қоспасы жарылу салдарынан азаматтар күйік алған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2017 жылғы 9 қазандағы №67 бұйрығымен бекітілген Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарының 129 тармағында автомобильді газ құю станциясында автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыруға жол берілмейтіндігі қатаң ескертілген.

Алайда, газ құю станцияларының қызметкерлері белгісіз себептермен тұрмыстық баллондарға газ толтырып берген фактілері тіркеліп, әкімшілік шаралар көрілгенмен, әлі де орын алып жатқан жәйі бар. Газ баллондарын пайдаланушы азаматтар өз өмірлерініңді, жанұяларыныңды амандығын ойлайтын болсаңыздар, газ баллонды газ толтыру станцияларынан алғандарыңыз абзал. Сақтық шараларын қатаң сақтаңыздар!

Мадина АЙТИМОВА,
ҚР ТЖМ ӨКК
Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Алғашқы әскери дайындық сабағы 1995 жылы қабылданған Жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заң негізінде жалпы білім беретін білім ошақтарында оқытыла бастады. Осылайша ел қорғаны болып, ертенгі күні қарулы күштер қатарын толықтыра жау жүрек жауынгерлерді тәрбиелеу бүгіннен басталатыны айқындалды. Бұл орайда «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің алар орны ерекше. Мектеп қабырғасында жүріп үл мен қыз бойында патриоттық сананың қалыптасуы аса қажет қасиет. Әскери-патриоттық рухта жастарды тәрбиелеу жолында пән мүгілімі жан-жақты жұмыс жасауға тиіс.

Оқушы мектеп қабырғасында жүріп алғаш рет осы АӘД пәні арқылы қаруды таниды, саптық даярлықты меңгереді, өмірлік қауіпсіздік ережелерін жаттайды, әскери жарғының не екенін түсініп, аймақты барлау әдісін үйренеді. Қару қолдануды қатаң қағидаларын меңгеріп, шапшаң, ширақ қимылдауға ыңғайланады. Жастардың бойына әскери-патриоттық тәрбие негіздерін қалыптастыру міндеті деп білем. Осы мақсатта оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын арттыру жолында түрлі әдістерді пайдаланамын. Ол үшін олар алып жатқан теориялық білімді өмірмен байланыстыра отырамын. Балалардың бойында намыс, жігер пайда болсын деп түрлі сайыстар ұйымдастырып тұрамын. 10-11 сынып оқушылары болашақ мамандығын тандауда әскери қызметті, ішкі істер органдары саласын таңдайтын болса, АӘД пәні арқылы қандай да бір қызығушылықтың пайда болғанын көрсетеді. Жасөспірімдерді қыры мен сыры мол әскери мамандыққа мектептен бастап даярлау, қоғам мен ұлттық армия алдындағы әлеуметтік міндет және азаматтық борыш. Сонымен бірге мектепте әскери білім беру сапа жағынан жана деңгейге көтеріліп келеді.

Әскери өнерге машықтану жолында оқушылар спорт саласындағы әскери ойындармен айналысады, жаттығады. Әскери тәртіп, оның мәні және маңызы, әскери тәртіпті сақтау бойынша әскерилердің міндеттері, командирдің бұйрығы – бағыныштылар үшін заң екенін ұғынады. Болашақ ел сарбаздарын жастайынан жауынгерлікке баулу, олардың бойына отанышылдық, ерлік рухты қалыптастыру қазақстан-

дықтардың ортақ парызы, тікелей міндеті болып табылады.

Пән барысында «Алғашқы әскери дайындық» төмендегідей тараулардан тұрады: тактикалық дайындық; атыс дайындығы; саптық дайындық; атыс қаруынан атыс жүргізу ережелері мен тәсілдері және жарықшақты қол гранаталарын лақтыру; Қарулы Күштер ҚР егемендігінің күзетінде; ҚР Қарулы күштерінің әскери жарғылары; әскери топография; азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздері.

Осы орайда айта кету керек, 1992 жылдың 7 мамыры ҚР Қарулы күштерінің құрылған күні болып қабылданған. Бұл өз кезегінде әскердің әлеуетін, қарулы күштердің қарым, қабылетін көрсетіп, Отан қорғаушылар мәртебесін асқақ етер күн. Осындай айтулы даталарға байланыстырып алдығы бұны ағалардың батырлығын баяндай отырып, оқушыға ой тастауды керектімін. Ауғанстан соғысы ардагерлерінен кездесулер өткізіп, саптық сынақ сайыстарына тәрікелі етуге шақырам. Осылайша оқушылар бүгінгі күнінің батырларымен кездесіп, өмірлеріне үлгі болар сабақ алады. Мүлділ сайыстар оқушылардың рухын арттырып, өз із-әрекеттеріне сенімділікке, ептілікке, жинақылыққа, ұжымшылдыққа, зейінділікке, тәртіптілікке баулиды. Олардың сайыстағы әр қимылына оға буын өкілдері бағалайтын болғандықтан олар барыныша даярлық қылады. Бұл өз кезегінде ұрпақтар сабақтастығы арқылы тәрбиені күшейту амалы болып саналады.

Қалжіран ҰЗЫНЖАСОВ,
№185 орта мектептің алғашқы әскери және технологиялық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысы

ЖЕКЕ ҮЛГІ ШАРТ №

Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару бойынша жеке үйлердің тұрғындарына қызмет көрсету туралы Қызылорда қ. «_____» 2023 ж.

